

ЕСКЕРТУЛЕР



БАУЫРМАШЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТЕТІН СЕБЕПТЕР

Шейх Абдуллаһ ибн Абдуррохим аль-Бухари

1445 х.ж. / 2023 ж.

بسم الله الرحمن الرحيم

**Құрметті ғалым Абдуллаһ ибн Абдуррохим
аль-Бухаридің (حفظه الله) жауабы**

Сұрақ:

Бауырлар бір дене іспетті болып, олардың арасындағы сүйіспеншілік пен бауырмашылықты жалғастырудың, әрі олардың жақсылық пен тақуалықта ынтымақтасуына нақты себептері қандай?

Жауап:

Аллаһ сендерге берекесін берсін, бұл маңызды сұрақ, оның қажеттілігі шұғыл. Әсіресе, осы уақытта, және менің ойымша, қысқа жауап оның ақысын орындамайды, сондықтан оған баяндау мен түсініктеме қажет.

Алайда бұл туралы ескерту айтуым жеткілікті болар.

Аллаһ Тағала үшін болған бауырластық, иә, оның үлкен құқықтары бар. Бауырдың бауырындағы ақысы, егер бұл құқықтар орындалса, оны әрқайсысы және барлығы орындаса, әркім табысқа және жетістікке жетеді. Бір дене сияқты болады, оның бір мүшесі ауруға шалдықса, бүкіл дене бұған ұйқысыздық пен қызуының көтерілуімен жауап беретін болады.

Аллаһ үшін болған бауырластықтың ақысы үлкен. Және олардың арасында олардың әрқайсысы ие болуы тиіс әдептер бар, сондықтан ақысы барлардың әрқайсысына өз ақысы берілуі керек.

Абуль-Барокат аш-Шафиий өзінің **"Жақындықтың әдебі және жолдастық пен бауырластықты жақсы еске алу"** атты кітабында атап өткен. Сол сөздерді атап өткенім жақсы болар.

Абуль-Барокат аш-Шафиий айтады:

"Біл, уа, игі бауырым – Аллаһ ісімізді түзетсін – жолдас болу мен жақсы араласу әдебінің себептері бар, мен мүміндердің әдебі мен салиқалылардың әдебіне көрсететін себептерді баяндап өтемін.

Аллаһ Тағала олардың кейбірін басқаларына мейірім мен көмек ретінде жаратқаны белгілі. Сол үшін Аллаһ Елшісі ﷺ айтады:

"Мүміндердің бір-біріне деген сүйіспеншілік, мейірімділік, әрі жанашырлық танытуларында – бір дене сияқты, оның бір мүшесі ауруға шалдықса, бүкіл дене бұған ұйқысыздық пен қызуының көтерілуімен жауап береді".

Шейх Абдуллаһ аль-Бухаридің (حفظه الله) сөзі:

Содан кейін ол осы бөлімде бірлік, жанашырлық, сүйіспеншілік пен мейірімділікті білдіретін хадис-мәтіндерді атап өтті де былай жалғастырды.

Абуль-Барокат аш-Шафиий айтады:

"Достық әртүрлі аспектілерде болады (мысалы Аллаһпен, Оның Елшісімен ﷺ, ата-анамен, осы жерде бауырлармен болатыны айтылады), әрбірінің әдебі, міндеттері мен қажеттіліктері бар".

Шейх Абдуллаһ аль-Бухаридің (حفظه الله) сөзі:

Қандай әдептер? Әсіресе бауырлармен болатын әдеп?

Абуль-Барокат аш-Шафиий айтады:

"Бауырға жылы жүзбен қарауда жалғасты болу, оған жақсылық жасау, оның жақсылықтарын тарату, жамандығын жасыру, саған жасаған жақсылығын – көп көру, сенің оған жасаған жақсылығыңды көп болса да – азғантай көру, оларға ақшамен әрі жаныңмен көмектесу. Жек көрушіліктен, көреалмаушылықтан, зұлымдық қылудан және олар жек көретін нәрселерден барлық жағынан аулақ болу. Және бауырыңа үзіріңді айтып, кешірім сұрауға апаратын қателіктерді жасамау" – сөздері аяқталды, Аллаһ оны рахым етсін.

Бұл – бауырлардың бір-бірімен пайдалануы тиіс болған ақылары мен әдептерінің жиынтығы.

Бауырға жылы жүзбен қарауда жалғасты болу: бауырыңа күлімсіреген жүзіңмен қарау – садақа болып табылады.

Жақсылық жасау – жақсы сөзбен болса да, садақа болып табылады.

Асыра айтпай, өтірікті қоспай ізгі қасиеттерді тарату.

Жамандықтарды жасыру – адам баласының кез-келгені көп қателесуші, көп қателесушілердің жақсысы – көп тәубе етушілер.

Сондай-ақ, олардың саған жасаған жақсылығын көп көру, азғантай болса да.

Және оларға жасаған жақсылығыңды азғантай көру, міндетсінбеу, жақсылығың көп болса да.

Қолыңнан келгеніне ақшаңмен көмектес, қолыңнан келмесе жаныңмен көмектес, қолыңнан келмесе дұрыс әрі жақсы сөзбен көмектес!

Өшпенділік, көреалмаушылық, шектен шығушылық сипаттардан аулақ бол, жүрегің мен жан дүниенді одан тазарт. Бір-біріңе өшпенділік, жек көру, бөліну тудыратын барлық себептерді таста.

Және бауырыңа үзірлеріңді айтып, кешірім сұрауға апаратын сөз бен амалды (қателіктерді) жасамау, ол саған қажет емес.

Ибн Хамкан өзінің **"Пайдалар мен хабарлар"** атты кітабында, Джунейдке *"Әдептілік дегеніміз не?"* – деген сұраққа:

"Бауырлардың қателерін көтере білу" – деп жауап берген екен.

Қате – қалайда болады, сондықтан насихат пен кеңес беру – ең көркем жолмен, әрі ең мықты жолға болу керек.

Жақсылыққа, пайдаға, жасыруға, ізгілікке жетуге деген қалау, әрі насихатты қабылдау болу керек. Аллаһ сендерге берекесін берсін.

Жаттап жүрген Тамим әд-Даридің хадисіндегідей:

"Дін – насихат болып табылады".

Насихат – бұл әл-Хафиз Ибн Хиббан, Аллаһ оны рахым етсін, **"Ақылдылардың бақшасы"** атты кітабында айтқанындай, насихат айтылып жатқан адамға жақсылықты қалауды көздеп, оның жария емес, құпия болуы керек.

Ибн Хиббан өз кітабында имам Али ибн аль-Мадиниден, ол Суфианнан жеткізді.

Суфиан айтады:

"Тольха қасында біраз адамдары бар Абдульджаббар бин Уаильге келіп, оған бір нәрсені жасырын айтып, кейін кетіп қалды.

Абдульджаббар ибн Уаиль қасындағылардан:

- Оның маған не айтқанын білесіңдер ме? – деп сұраған.

Қасындағылар білмейтіндіктерін айтты.

Абдульджаббар ибн Уаиль:

- Ол маған: "Мен сенің кеше намаз оқып тұрғаныңда бұрылғаныңды көрдім" – деді".

Шейх Абдуллаһ аль-Бухари (حفظه الله) жалғастырып айтады:

Жасырын насихат қылды, осы болған оқиғаға байланысты Имам аль-Хафиз Ибн Хиббан былай деп түсіндірді:

"Бұған дейін айтқанымыздай, насихат – барлық адамдарға парыз, бірақ насихаттау тек жасырын түрде парыз, өйткені кімде-кім бауырына ашық жариялы түрде насихат айтса, оны қорлаған (абыройын түсірген) болады, ал кім жасырын насихат айтса, оны көркейткен болады. Ендеше, мұсылман бауырын көркейту үшін болған насихатты көркем қылу – оны қорлау ниетінен гөрі жақсырақ".

Шейх Абдуллаһ аль-Бухари (حفظه الله) айтады:

Кейін ол осы бөлімдегі бірқатар асарларды атап өткеннен кейін былай айтты:

"Насихат айту (ақыл-кеңес), егер ол біз сипаттағандай көріністе болса, жақындықты орнатады және бауырластық құқығын орындайды. Және насихат қылушының белгісі, егер ол насихат қылынып жатырғанның сәнін қаласа, оған жасырын түрде кеңес беруі, ал оны қорлауды қалағанның белгісі – ашық жариялы түрде кеңес беруі" – сөзі бітті, Аллаһ оны рахым етсін.

Насихат айтылу керек, жақсылық алда тұру керек. Надандық пен жаман, төмен мінездерден бас тарту керек, дәл қазіргі уақытта сіз оны қалдыруға ынта жігеріңізді жұмсаңыз, мүмкіндігіңізше жасамаңыз.

Кімде-кім жақсылыққа ұмтылса, Аллаһтың рұқсатымен мақсатына жетуге жақын. Бастапқысында, соңғысында, ашықтай әрі жасырын Аллаһтың көмегімен, бұл бауырмашылық – Аллаһқа, әрі Аллаһ үшін болуы керек.

Аллаһ сендерге сәттілік беріп, қадамдарыңды түзетсін.

Дайындаған: Сәтімжан абу Муса